

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 18-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, архив, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша айқындайды;»;

2) 139-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, архив, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленеді.

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, архив, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы

және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.».

2. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) архивтік құжаттарды депозитарлық сақтау – архивтік құжаттарға меншік иесінің меншік құқығын сақтай отырып, құжаттарды меншік иесі мен тиісті архив арасындағы шартта айқындалатын талаптарға сай архивте сақтау;»;

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

«5-2) архивтік құжаттың төлнұсқаға тең көшірмесі – өзге мемлекеттердің, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтардың меншігіндегі және тұрақты сақталуға тиіс архивтік құжаттың төлнұсқасындағы ақпарат пен сыртқы белгілерін көрсететін көшірме;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) архивтік құжаттарды уақытша сақтау – архивтік құжаттарды уәкілетті орган белгілеген мерзімге дейін сақтау;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару – архивтік құжаттардың электрондық көшірмелерін жасау және оларды «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесіне енгізу;»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) аудиовизуалды құжаттардың міндетті данасы – кино-, фото-, фоно- және видеоқұжаттардың әр түрін өндірушілердің мемлекеттік архивтерге өтеусіз беретін данасы;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) жеке құрам құжаттары – жұмыскерді жұмысқа, қызметке алу, ауыстыру (орнын ауыстыру), жұмыстан босату, демалыс беру, іссапарға жіберу, көтермелеу, жалақы төлеу кезінде жасалған құжаттар, әлеуметтік, медициналық және зейнетақымен қамсыздандыруға арналған ақшаның ұсталуы мен аударылуы туралы, жұмыскердің оқуы, оған біліктілік, разряд, атақ беру туралы мәліметтер, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты жасалатын өзге де құжаттар;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) жинақтау көзі – қызмет барысында жасалатын, Ұлттық архив қорына тұрақты сақтауға берілуі тиіс құжаттарды тапсыратын жеке немесе заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 17-1), 17-2) және 17-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«17-1) қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық көшірмесі – түпнұсқаға сәйкес келетін және осындай электрондық нұсқасын жасаған адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық түрі;

17-2) құжаттар құндылығының сараптамасы – Ұлттық архив қорына енгізілетін құжаттарды іріктеу және сақтау мерзімдерін белгілеу мақсатында оларды құндылық өлшемшарттары негізінде зерттеу;

17-3) құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету – ұйымдастыру, ғылыми-әдістемелік, техникалық және физика-химиялық өзара байланысты іс-шаралар кешені және құжаттарды есепке алу;»;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1) Мемлекеттік қор каталогы – Ұлттық архив қоры және жеке құрам құжаттарының құрамы, мазмұны, орналасқан жері мен қолжетімділігі туралы мәлімет беретін архив қорларының жүйеленген тізілімі;»;

мынадай мазмұндағы 24-1), 24-2), 24-3), 24-4) және 24-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«24-1) Ұлттық архив қорының құжаттарын тұрақты сақтау – Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау мерзімін белгілемей (мерзімсіз) сақтау;

24-2) Ұлттық архив қорының құжаттарын уақытша сақтау – Ұлттық архив қорының құжаттарын уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес тұрақты мемлекеттік сақтауға тапсырғанға дейін сақтау;

24-3) электрондық архив – уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес электрондық нысанда жасалған және сақталатын электрондық архивтік құжаттардың жиынтығы;

24-4) электрондық архив құжаты – электрондық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған архив құжаты;

24-5) электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі көшірмесі – қағаз жеткізгіште шығарылған және уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес куәландырылған электрондық құжат түрі;»;

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Аталған заңнама осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.»;

3) 4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық архив қорының құрамына шығу көзіне, жасалу уақыты мен тәсіліне, жеткізгіш түріне, меншік түріне және сақтау орнына қарамастан мына архивтік құжаттар:

- 1) заңнамалық актілер және басқа да ресми құжаттар;
- 2) басқару, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, жобалау-конструкторлық, жобалау-сметалық, технологиялық, қала құрылысы құжаттамасы, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметриялық және басқа да арнаулы құжаттама, оның ішінде сызбалар мен олардың мәтіндік жазбалары;
- 3) электрондық ақпараттық ресурстар, машинамен жұмыс жасауға бейімделген және аудиовизуалды құжаттама;
- 4) тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштері;
- 5) жеке дерек құжаттары және ұлттық құндылыққа жататын өзге де құжаттама;
- 6) Қазақстан Республикасының меншігіне түскен өзге де құжаттар;
- 7) аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелері;
- 8) Қазақстаннан тыс жерлердегі архивтік құжаттардың төлнұсқаға тең көшірмелері;
- 9) уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес куәландырылған қағаз жеткізгіштегі құжаттардың электрондық көшірмелері;
- 10) уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сай куәландырылған электрондық құжаттардың қағаз көшірмелері кіреді.»;

4) 5-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ұлттық архивтің, орталық мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, арнаулы мемлекеттік архивтердің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік архивтерінің, кітапханалардың және музейлердің және жеке меншік архивтердің құжаттары Ұлттық архив қорын қалыптастыру негізін құрайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекет шетелдегі Қазақстан тарихына қатысты құжаттар мен шетелде жасалған Қазақстан Республикасына тарихи байланысы бар құжаттарды қайтаруға шаралар қолданады, оларды анықтау және сатып алуды қаржыландырады.»;

5) 6-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Уәкілетті орган Орталық сараптау-тексеру комиссиясымен келіскен сараптау-тексеру комиссиясының қорытындысы негізінде.»;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Ұлттық архив қорының жинақтау көздерінің тізімдерін бекітеді.»;

6) 7-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Ұлттық архив қорындағы құжаттарға қатысты меншік құқықтарының кепілдігі және қорғалуы»;

2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде, орталық мемлекеттік архивтерде, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде, арнаулы мемлекеттік архивтерде, мемлекеттік кітапханаларда және музейлерде сақтаулы тұрған республикалық меншіктегі құжаттар»;;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ұлттық архив қорындағы мемлекеттік меншіктегі құжаттары мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, сатып алу-сату, айырбастау немесе сыйға тарту, яғни меншік құқығын беруге қатысты мәмілелер жасасу объектісі бола алмайды, сондай-ақ басқа мемлекеттерге тұрақты сақтауға әкетуге болмайды. Бұл ереже осы Заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес Ұлттық архив қорының құжаттарын беруге қатысты қолданылмайды.»;

7) 8-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған кезде Ұлттық архив қорының құжаттары және жеке құрам құжаттарын ретке келтірілген түрде құқық мирасқорларына беріледі.

4. Заңды тұлғалар таратылған кезде Ұлттық архив қорының құжаттары және жеке құрам құжаттары уәкілетті органның келісімімен тиісті мемлекеттік немесе арнаулы мемлекеттік архивке ретке келтірілген түрде сақтауға беріледі.»;

8) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтайтын заңды тұлғалар уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес құжаттардың құрамы туралы деректерді есепке алуды жүргізеді және тиісті мемлекеттік архивтерге ұсынады.»;

9) 10-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві Ұлттық архив қорының құжаттары туралы мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қор каталогын жүргізеді.»;

10) 11-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ұлттық архив қорының құжаттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, орталық мемлекеттік архивтер, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, арнаулы мемлекеттік архивтер мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың және аудандардың мемлекеттік архивтері тұрақты сақтайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ұлттық архив қорындағы жеке меншікке жататын құжаттарды сақтау және пайдалану бойынша міндеттемелер олардың меншік иелері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, орталық мемлекеттік архивтер, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың және аудандардың мемлекеттік архивтері арасында жасалатын шарттарда көрсетіледі.»;

11) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттары ведомстволық архивтерде сақталу мерзімі өткен соң ретке келтіріліп, тұрақты сақтау үшін мемлекеттік архивтерге берілуге тиіс.»;

12) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

«13-1-бап. Аудиовизуалды құжаттардың міндетті данасын тапсыру

1. Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының сақталуын қамтамасыз ету үшін мемлекет қаражаты есебінен аудиовизуалды құжаттаманы шығаратын жеке және заңды тұлғалар оны алғашқы дайындалған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде аудиовизуалды құжаттаманың міндетті даналарын мәтіндік ілеспе құжаттамасымен қоса мемлекеттік архивтерге өтеусіз негізде мемлекеттік сақтауға тапсырады.

2. Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының сақталуын қамтамасыз ету үшін өз қаражаты есебінен аудиовизуалды құжаттаманы шығаратын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың аудиовизуалды құжаттамасының міндетті даналарын мәтіндік ілеспе құжаттамасымен қоса мемлекеттік архивтерге өтеусіз негізде мемлекеттік сақтауға беруге құқылы.»;

13) 15-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1-бап. Архив құжаттарын электрондық нысанға аудару және ақпараттық жүйелерді пайдалану

1. Ведомстволық архивтер Ұлттық архив қоры және жеке құрам құжаттарына жататын архивтік құжаттарды тұрақты түрде электрондық нысанға аударуға міндетті.

2. Электрондық нысанға аударылған архивтік құжаттарға қол жеткізу мемлекеттік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды қорғау жөніндегі талаптар сақтала отырып, барлық мүдделі мемлекеттік органдар үшін ашық болып табылады.

3. Мемлекеттік архив немесе ведомстволық архив жұмыскерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі архивтік құжаттың бастапқы түпнұсқасына тең.

4. Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау мақсатында «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі құрылады.

5. «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақталатын ақпараттың қолжетімділігін, сақталуын, тұтастығын және құпиялығын қамтамасыз етеді.

6. Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптасқан және сақталатын электрондық архивтік құжаттар мен архивтік құжаттардың электрондық көшірмелерін қамтиды.

7. «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу тәртібін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

8. «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесінде архивтік құжаттарды іздеуге, қол жеткізуге және пайдалануға болады.

9. «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесіне архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы уәкілетті органдар белгілеген ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен тәртіпті сақтай отырып⁰² қол жеткізуге болады.»;

14) 16-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Азаматтың жеке басы және отбасының құпиясына, жеке өміріне қатысты мәліметтерді қамтитын Ұлттық архив қорының құжаттарына және басқа да архивтік құжаттарға қол жеткізу олар жасалған күннен бастап 75 жылға шектеледі.

Шектеу азаматтың немесе ол қайтыс болғаннан кейін мұрагерлерінің жазбаша рұқсатымен алынуы мүмкін.»;

15) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдаланушылардың міндеттері

Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдаланушылар:

1) пайдаланылатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
2) архивтік құжаттардағы мәліметтерді бұрмалауға және жалғандық жасауға жол бермеуге;

3) архивтік құжаттарды жариялағанда, олардан үзінді келтіргенде олардың сақталу орнына және олардың меншік иесіне сілтеме жасауға міндетті.»;

16) 18-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың және аудандардың мемлекеттік архивтеріне сақтауға қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, жинақтауды және пайдалануды ұйымдастыру;»;

17) 20-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) архив мекемелері: Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, орталық мемлекеттік архивтер, арнаулы мемлекеттік архивтер, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың және аудандардың мемлекеттік архивтері кіреді.»;

18) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте, Экономикалық тергеп-тексеру қызметінде мемлекеттік мекеме, құрылымдық бөлімше ретінде не құрылымдық бөлімше құрамында арнаулы мемлекеттік архивтер құрылуы мүмкін.».

3. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) электрондық архив – архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес ұйымдастырылған және электрондық нысанда сақталатын электрондық архивтік құжаттардың жиынтығы;».

4. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, архив, спорт, агроөнеркәсіптік кешен, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік қолдау шараларын, сондай-ақ осы санаттардағы жұмыскерлерге өзге де әлеуметтік көмек шараларын айқындау;».

5. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасына сәйкес азаматтың жеке басы және отбасының құпиясына, жеке өміріне қатысты мәліметтер қамтылған, жасалған күнінен

бастап 75 жыл мерзімі өтпеген құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды қалыптастыру, сақтау және пайдалану;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**